

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т. II. - Б. 167-168

ШЕЖІРЕЛІ ҚАТОНҚАРАҒАЙ

Ергали А.

Қатонқарағай ауданы 1928 жылы 1 тамызда құрылған. 1932 жылы Қатонқарағай ауданы Шығыс-Қазақстан облысының құрамына кірді. 1954 жылы аудан көлемі Алтай өлкесі Таулы-Алтай автономдық облысы Усть-Коксинский ауданы «Жоғарықатон» совхозының қосылуы есебінен кеңейді. 1963 жылы 2 қаңтарда Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен аудан таратылып, территория Үлкен Нарын ауданының құрамына енген. 1970 жылы 4 желтоқсанда Қатонқарағай ауданы орталығы Қатонқарағай селосы болып қайтадан құрылды. Ал 1997 жылы 23 наурызда Үлкен Нарын ауданы жойылып, Қатонқарағай ауданының әкімшілік орталығы Үлкен Нарын селосына көшірілді. Аудан солтүстік және солтүстік-шығыста Ресей Федерациясының Алтай Республикасымен, оңтүстік-шығыста Қытай Халық Республикасымен, оңтүстікте Күршім ауданымен, солтүстікте-Зырян ауданымен шекаралас, ал батыста Бұхтарма бөгенінің суымен шектесіп жатыр.

Ал ауданның атауына келетін болсақ, аудан атауы бұрынғы Қатонқарағай әкімшілік орталығынан алынған (1871). А. Ислямованың «Топонимика Восточного Казахстана» еңбегінен Қатонқарағай топонимінің пайда болуы туралы мол ақпарат алуға болады. «Қатонқарағай ауылының маңында үлкен қарағай орман болған екен. Бұл жерді қазақ және қалмақтар «Қотон» деп атаған. Осылайша «Қатонқарағай» атауы пайда болған. «Топонимика Казахстана» энциклопедиялық сөздігінде: «Қазіргі атауын «Алтай» стансасымен біріккен соң алған және «қарағайлы орманмен қоршалған өлке» деген мағынаны білдіреді» делінген. Қатонқарағай ауданын мекендеген көне тайпалар Шығыс Қазақстанның таулы белдеуінде, дәлірек айтсақ Қатонқарағай ауданында орналасқан Алтай тауларында аримаспа, аргипей тайпаларының өмір сүргенін, ал антик авторларының аримаспалар жерінде ірі-ірі алтын кеніштері бар деген жазба деректері (Геродоттағы «Алтын қорғаған самұқтар» және т.б.) көп нәрсені аңғартса керек. Археологиялық қазба мәліметтері Алтайдағы, Пазырықтағы, Берелдегі аримаспа тайпаларының өмір сүрген аймағын заттай ескерткіштері арқылы дәлелдейді. Моңғолия тарихшылары б.д.д VII-VI ғасырларда қазіргі Қазақстан аймағының Солтүстік-шығысында тұратын сақ-сармат этникалық мәдени бірлігіне кіретін дайларды – аримаспалар деп атаған деген мәлімет келтіреді. Сақтардан кейін тарих төріне шыққан хұндар да Алтайға соқпай кете алмады. Тарихта жиырма төрт тайпадан біріккен көшпелі хұндар б.з.д II ғасырда дәуірлеп – б.з I ғасырында ыдыраған. Өз ішінен екіге ыдыраған бұл

одақтың солтүстік-батыс хұндары Алтай тауы, Іле өзені алабы, Жетісу мен Сырдария бойына келіп, жергілікті тайпаларға араласып, сіңіп кеткен. Алтай тауының атын әлемге танытқан тағы бір құрылым – Түрік қағанаты. «Түрік» атының қытай жылнамаларында ең алғаш рет аталуы 542 жылға жатады. Қытайлар түріктерді хұн тайпаларының бірі деп есептейді. Екінші Шығыс Түрік қағанатынан қалған асыл мұра Орхон-Енисей тас жазуында: «Ол йылқа түргіс тапа Алтун йышыг тоға, Ертіс үгүзік кече йордымыз» («Сол жылы түргешке қарсы Алтын қойнауынан аса, Ертіс өзенін кеше жорыттық.») – деген жолдар бар. Бұдан Түрік қағанаты өмір сүрген VI- VII ғасырларда Алтай тауы Алтын қойнау (Алтын тау) аталғанын көреміз. Сонау Геродот заманындағы Алтын тау өз мәнін өзгертпей келген деп тұжырым жасауға болады. Жалпы қарлықтың әуелде мекендеген аймағы қазіргі Шығыс Қазақстан облысы жеріне сәйкес келеді. «Қарлық» деп аталуы Оңтүстік Алтайдың биік, қарлы тауларын қоныс еткеніне байланысты болуы мүмкін. Ташлы тайпасы Қалба, Өскемен маңындағы тасты тауларды мекендегенге ұқсайды. Екінші жағынан В.И.Иллич-Свитычтің қар, кер, қр формасы ностратикалық тілдерде «тау», «тас», «шың»мағынасын береді дегенді ескерсек, араб саяхатшысы Ибн Калдунның Мұзтауды Мұзқар деп белгілеуіне сүйенсек, қарлық этнонимі «таулық» мағынасын да береді. Оңтүстік Алтай өңірінің тарихы найман тайпасының тарихымен тығыз байланысты. Қазақтың іргелі бір тайпасы болып отырған наймандар Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін Үгедей ұлысына енеді де, Алтай тауының батысы мен оңтүстігінде, Нарын жотасында Зайсан-Ертіс жүйесі бойында көшіп жүрген [1, 35 б.].

1998-1999 жылдары Берел ауылының маңынан Италия, Франция және Қазақстан археологтары бірлесіп жүргізген қазба жұмыстары аса нәтижелі болып, 13 тұлпарымен бірге жерленген сақ ханының мүрдесі табылды. Ғалымдар оны б.з.д IV-ғасырға жатқызып, жаңалығы жағынан әлем бойынша жоғары бағаланды. Қолдан жасаған мәңгі тоң астында жақсы сақталған ат денелері, ер-тұрман, қару-жарақ сақтар өмірінен мол деректер береді. З. Самашев бастаған археолог-ғалымдар көне қытай, грек жазбаларында кедесетін Хандар жерленген аңғар (Долина царей) осы жер болуы керек деп болжап отыр [2, 211 б.].

Алтай тауы – түркі өркениетінің бесігі. Дәл осы жерден әйгілі Ұлы Жібек жолының «Алтын тармақ» деп аталған Солтүстік тармағы өткен. Яғни, бұл керуен Батысқа Алтайдың алтыны мен қоласын тасымалдаған [3, 105 б.].

Ал қазіргі кезде Қатонқарағай ауданы экономикасының басты бағыттары - ауыл шаруашылық өндірісі, орман шаруашылығы, ағаш өңдеу болып табылады. Ара шаруашылығы, марал шаруашылығы, туризм – аудан және Шығыс Қазақстан экономикасының өзіндік брендті болып табылады. Қатонқарағай ауданының осындай келешегі зор салалары бір-бірімен тығыз байланысты әрі тәуелді [4]. Панталы марал шаруашылығы Алтайда пайда болып, бастау алған. Бүгінгі күні коммерциялық фирмалар клиенттеріне – пантамен емдеу қызметін көрсетуде. Ауданда туризмді ары қарай дамыту мақсатында инфрақұрылым (жолдар, демалыс пен емделуге арналған

қолайлы жағдай, мобильді байланыс) белсенді түрде жолға қойылған. Осылайша ауданды Қазақстандағы туризмнің ірі кешеніне айналдыруға зор мүмкіндіктер жасалып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 Жер жаннаты - Қатонқарағай / құраст. Ж. Қызыр. - Алматы: Орхон, 2008. - 368 б.

2 Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009.- 568 бет.

3 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы.- Алматы: Санат, 1997.- 464 б.

4 Sergienko E.A. (2013). The problem of relationship between subject and personality. Psychological Journal, Volume 34, No.2, 5-16.

Ғылыми жетекшісі: PhD докторы, Қоскеева Ә.М.